3	Абдыгалиева Адель	7	математика	3	Мусакулова Алма Кайргельдовна
4	Бек Ерназар	7	қазақ тілі мен әдебиеті	3	Бегетаева Расима Анваровна

5	Жакен Алдияр	7	информатика	2	Бекишев Акежан Сабырович
6	Жунусова Тахира	7	география	грамота	Жакупова Татьяна Шариповна
7	Раимбекова Алима	7	ағылшын тілі	2	Кукеева Алия Мухтархожаевна
8	Тұрған Али	8	химия	3	Кожахметова Лейля Жагпаровна
9	Ұзақбай Мейіржан	8	математика	1	Ерланова Ұлдана Ерланқызы
10	Ғабдулғаппар Сезім	8	Қазақстан тарихы	2	Зейдалиева Амина Ермаганбетовна

Қалалық олимпиада
2024-2026жж. 9-11 сынып

жылдар	оқушы саны	**1- орын**	**2- орын**	**3- орын**	**Грамоталар**	**Барлығы**
2024-2025	17	0	8	1	0	9
2025-2026	16	-	2	4	2	8
2026-2027						

2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарындағы қалалық пәндік олимпиада нәтижелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау білім алушылардың зияткерлік әлеуетін, пәндік құзыреттіліктерін және олимпиадалық дайындық жұмыстарының нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.2024–2025 оқу жылында олимпиадаға 17 білім алушы қатысып, олардың 9-ы жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, 8 оқушы II орын, 1 оқушы III орын иеленді. Жалпы нәтижелілік көрсеткіші 52,9%-ды құрады.

2025–2026 оқу жылында қатысушылар саны 16 оқушыны құрап, олардың 8-і жүлделі орындарға ие болды: 2 оқушы II орын, 4 оқушы III орын иеленіп, 2 оқушы грамотамен марапатталды. Жалпы марапатталу көрсеткіші 50%-ды құрады.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде қатысушылар саны 5,9%-ға, ал жалпы марапатталу көрсеткіші 2,9 пайыздық тармаққа төмендегені анықталды. Сонымен қатар II орын иегерлерінің саны 8-ден 2-ге азайып, III орын иегерлерінің саны 1-ден 4-ке артқан.

Аталған өзгерістер олимпиадалық жетістіктердің сапалық құрылымында белгілі бір ауытқулардың қалыптасқанын көрсетеді. Атап айтқанда, жоғары жүлделі орындардың үлесі төмендегенімен, III орындар мен грамоталар санының артуы білім алушылардың бәсекеге қабілеттілік әлеуетінің сақталғанын байқатады.

Қалалық олимпиада
2024-2025жж. 9-11 сынып

№	**Аты,жөні**	**сынып**	**пән**	**орын**	**Мұғалімның аты-жөні**
1	Кузнецов Александр	9	химия	2	Уахитова А.Ф

2	Надир Айдар	9	матем	2	Абишева М.Ж.
3	Жуандық Камиля		биология	2	Кожахметова Л.Ж.
4	Жолоева Айдана	10	КРШ	2	Габдуллина К.О.
5	Балтемір Дана	9	история	2	Тулкинбаева Г.М.
6	Жамалдин Аяжан		истоия	2	Джакипбеков Е
7	Жансейтова Айзере	10	право	3	Джакипбеков Е.К.
8	Кадырханова Д	11	география	2	Абраисов Т.В.
9	Жолоева Айдана	10	КРШ	2	Габдуллина К.О.

Қорытынды

Жүргізілген талдау қалалық олимпиададағы жалпы нәтижелілік көрсеткішінің салыстырмалы түрде тұрақты сақталғанын, алайда жүлделі орындардың сапалық құрылымында төмендеу үрдісі байқалғанын көрсетті. Бұл олимпиадалық дайындық жүйесін жетілдіруді, дарынды білім алушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыруды және жоғары нәтижеге бағытталған сараланған оқыту тәсілдерін күшейтуді қажет етеді.

Ұсынымдар

1. Олимпиадалық дайындықтың нәтижелілігін арттыру мақсатында білім алушылардың пәндік құзыреттіліктеріне жүйелі диагностика жүргізу.

2. Жоғары жүлделі орындарға үміткер оқушылар үшін жеке білім беру траекторияларын әзірлеу.

3. Күрделілігі жоғары олимпиадалық тапсырмалар негізінде тереңдетілген дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.

4. Пән мұғалімдерінің олимпиадаға дайындау тәжірибесін зерделеп, тиімді педагогикалық әдістерді тәжірибеге енгізу.

5. Олимпиада нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізіп, анықталған олқылықтар бойынша түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

Қалалық олимпиада
2025-2026 жж. 9-11 сынып

№	Аты,жөні	сынып	пән	орын	Мұғалімның аты-жөні
1	Баедилова Зере	10	орыс тілі және әдебиет	**II**	Дюсенова Айман Жумагалиевна
2	Турдуева Ақбота	11	құқық негіздері	**II**	Джакипбеков Ержан Кайсарович
3	Кузнецов Александр	10	химия	**III**	Кожахметова Лейля Жагпаровна
4	Дюсюмбин Нариман	9	география	**III**	Жанабаева Кайныжамал Рахимовна
5	Арсен Наргиза	9	құқық негіздері	**III**	Қарабатырова Аруна Марғұланқызы
6	Қанат Сезім	11	орыс тілі және әдебиет	**грамота**	Бальдикова Айман Дильдабековна
7	Гончаров Дмитрий	10	информатика	**грамота**	Кажимуратова Камила Арыстанбековна
8	Оразбек Аина	9	ағылшын тілі	III	Қайратова Аяулым Қайратқызы

2024-2025 оқу жылының жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпадасының нәтижесінде Астана қаласындағы лицейлер арасында 2 орынды иеленіп, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша “**Ең үздік олимпиадалық команда-2025”** атағын алды. Соңғы үш жыл ішінде мектебіміздің оқушылары **республикалық** деңгейде жоғары нәтижелер көрсетіп, білім сапасының және мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің айғағына айналды : -

- Құсайын Мөлдір — Тараз қаласында өткен «Дарын» республикалық ғылыми жобалар байқауында III орын иеленді.

- Саханов Арлан — математика пәнінен республикалық кезеңде грамота иегері атанды.

- Берік Әлия — «Алтын сақа» республикалық математика олимпиадасында II орынға ие болды.

- Бүркіт Ақтөре — жаратылыстану пәні бойынша республикалық олимпиадада I орын иеленіп, өз білімін дәлелдеді.

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
- Дарынды және қабілетті оқушылардың болуы - Тәжірибелі, жоғары санатты пән мұғалімдерінің жұмыс істеуі - Олимпиада мен ғылыми жобаларға жүйелі дайындық жұмыстарының жүргізілуі - Жетекші ұстаздар тарапынан тәлімгерлік қолдау көрсету жүйесінің қалыптасуы - Жыл сайын пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында жүлделі орындарға ие болу - Әкімшілік тарапынан әдістемелік және материалдық қолдаудың болуы	- Қаржылық және материалдық ресурстардың жеткіліксіздігі - Кейбір пәндер бойынша мұғалімдердің тәжірибесінің аздығы - Оқушылардың дайындық деңгейіндегі тұрақсыздық - Оқушылар арасында бәсекелестіктің жоғары болуы, бұл кейде мотивацияға теріс әсер етуі мүмкін - Заманауи технологиялар мен әдістемелерді толық қолданбау
Мүмкіндіктер	**Қауіп-қатерлер**
- Дарынды оқушылармен жүйелі түрде жұмысты дамыту. - Мұғалімдер мен оқушылар үшін біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысу мүмкіндігі.	- Басқа білім беру ұйымдарының арасындағы бәсекелестіктің жоғары болуы. - Кейбір пән мұғалімдерінің жиі ауысуы немесе тәжірибесінің аздығы.

- Жобалық-зерттеу бағытындағы үйірмелер ашу арқылы ғылыми әлеуетті күшейту. - Басқа мектептермен тәжірибе алмасу, бірлескен жобалар жасау. - Зертханалық жұмыстар мен практикалық дағдыларды дамытуға арналған жағдайлар жасау. - Ғылыми жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету жүйесін жетілдіру. - Пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар бойынша мектепішілік іріктеу мен дайындықты күшейту.	- Ғылыми жобаларға және олимпиадаға қатысушылардың тұрақсыздығы. - Уақыттың, ресурстар мен зертханалық құралдардың жетіспеушілігі. - Қосымша дайындыққа арналған сағаттардың шектеулі болуы. - Ата-аналардың немесе оқушылардың мотивациясының төмендеуі.

3 бөлім: Білім алушылар контингенті»

3.1. Білім алушылар контингенті туралы деңгейлер бойынша мәліметтер **Білім алушылар контингенті**

3.1. Білім алушылар контингенті туралы деңгейлер бойынша мәліметтер


Мектептің негізгі міндеттерінің бірі – үздіксіз білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын жүзеге асыру, яғни білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында мектепте оқушыларды қабылдау, тіркеу және оқыту бойынша талаптар сақталады. Бұл мәселелер мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында.

Білім алушылар контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, оларды қабылдау және ауыстыру туралы бұйрықтар уақытылы шығарылады, барлық қажетті мәліметтер алфавиттік кітапқа енгізіледі. Оқушылардың жеке істері мен медициналық карталары бақылауда сақталады.

Білім алушылар саны:

Оқу жылы	**Жыл басындағы оқушылардың жалпы саны**	**Сыныптар саны**
2024-2025	4436	133
2025-2026	4503	137
2026-2027	4842	147


Сыныптар саны
150
145
140
135
130
125
133
137
147
2024-2025
2025-2026
2026-2027


Жыл басындағы оқушылардың жалпы саны
4900
4800
4700
4600
4500
4400
4300
4200
4436
4503
4842
2024-2025
2025-2026
2026-2027


9 диаграмма

Мектеп аптасына бес күн, екі ауысымда жұмыс істейді. Бірінші ауысымда 1, 4, 8, 9, 10, 11 сыныптарда оқитын 2551 оқушы. Екінші ауысымда 2, 3, 5, 6, 7 сыныптарда оқитын 2291 оқушы бар. Оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2026-2027 оқу жылының басындағы жағдай бойынша мектепте барлығы 147 сынып бар, атауына сәйкес:
1-4 сыныптар – 54 жалпы білім беру сыныбы;
5-9 сыныптар -77 сынып, оның ішінде 53 жалпы білім беру сыныбы және 24 лицей сыныбы;
10-11 сыныптар – 16 жалпы білім беру сыныбы.

Оқушылардың оқу деңгейлері бойынша бөлінуі

Оқу жылы	**1-11 сыныптардың жалпы саны**	**әр саты бойынша контингент**					
		1 деңгей (1-4 сыныптар)		2 деңгей (5-9 сыныптар)		3 деңгей (10-11 сыныптар)	
		жалпы білім беру	лицей	жалпы білім беру	лицей	жалпы білім беру	лицей
2024-2025	133	54	0	41	24	9	5
2025-2026	137	53	0	45	25	12	2
2026-2027	147	54	0	53	24	16	0



10 диаграмма

3.2. Сыныптардың толымдылығы туралы мәлімет

3.2. Сыныптардың толымдылығы туралы мәлімет

2026-2027 оқу жылының басында мектептегі сыныптардың орташа толымдылығы 32,9 оқушы болып, бұл санитарлық ережелер мен нормативтербойынша рұқсат етілген нормалар аясында.

Сыныптардың тілдік бағыттар бойынша толымдылығы

Оқу жылы	Жалпы оқушылар	**1-4 сыныптар**			**5-9 сыныптар**			**10-11 сыныптар**		
		сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы	сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы	сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы
2024-2025	4436	54	1973	36,5	65	2063	31,7	14	400	28,6
қазақша	2271	28	1032	36,9	32	1028	32,1	7	211	30,1
орысша	2165	26	941	36,2	33	1035	31,4	7	189	27
2025-2026	4503	53	1888	35,6	70	2180	31,1	14	435	31,1
қазақша	2367	30	1064	35,5	34	1080	31,8	7	223	31,9
орысша	2136	23	824	35,8	36	1100	30,6	7	212	30,3
2026-2027	4842	54	1912	35,4	77	2417	31,4	16	513	32,1
қазақша	2667	33	1174	35,6	37	1204	32,5	9	289	32,1
орысша	*2175*	*21*	*738*	*35,1*	*40*	*1213*	*30,3*	*7*	*224*	*32*

Орташа толымдылық

Оқу жылы	**Жалпы оқушылар**	**Жалпы сыныптар**	***Орташа толымдылық***
2024-2025	4436	133	33,4
2025-2026	4503	137	32,9
2026-2027	4842	147	32,9



11 диаграмма

3.3. Оқушылар контингентінің қозғалысы туралы мәлімет

3.3. **Оқушылар контингентінің қозғалысы туралы мәлімет**

2026-2027 оқу жылында оқушылар саны 4842 оқушыны құрады.

Оқушыларқозғалысы

Оқу жылы	**жыл басындағы оқушылардың жалпы саны**	**шығып кетті**	**келді**	**жыл соңындағы оқушылардың жалпы саны**
2024-2025	4436	282	339	4493
2025-2026	4503	224	265	4544
2026-2027	4842			




диаграмма 12

Қорытынды: аталған кезеңде оқушылар санының артуы және азаюы байқалды – бұл көшіп-қону процестеріне байланысты (балалар өңірлерден, басқа елдерден келеді).

Мектептің жобалық қуаттылығы 1800 оқушы болғанына қарамастан, қазіргі уақытта мектепте 4842 оқушы білім алуда. Жалпы алғанда, оқушылар саны тұрақты.

Орташа толтырылу деңгейі санитарлық ережелер мен нормативтер талаптарына сәйкес келеді.

Оқушылар санының тізімі (12 қосымша)

4 БӨЛІМ. Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1. Білім беру бағдарламасы мен сабақ кестесінің мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі

Мектептің жұмыс оқу бағдарламасы оқу процесін нормативтік базаға сүйене отырып реттейді:

№	2024-2025	2025-2026	2026-2027
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (***2023 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен, 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)***;	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (***2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406, 2023 ж. 04 қазандағы №303, 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)***;	– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 3 тамыздағы №348** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
2	«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта,	«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта,	– Қазақстан Республикасы Білім және

	жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ **2012 жылғы 8 қарашадағы №500** бұйрығы ***(2023 жылғы 26 қазандағы №323, 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)***	жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ **2012 жылғы 8 қарашадағы №500** бұйрығы (***2023 жылғы 26 қазандағы № 323, 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген***);	ғылым министрінің **2012 жылғы 8 қарашадағы №500** «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
3	«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы ***(2023 жылғы 05 шілдедегі №19, 05 наурыздағы № 54 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)*;**	«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы ***(2023 жылғы 05 шілдедегі №199, 2023 жылғы 31 қазандағы №328, 2024 жылғы 05 наурыздағы №54, бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)***	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399** «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2024 жылғы 11 наурыздағы № 60 бұйрығы** «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы***;***	«Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» ***Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы №132 бұйрығы;***	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2020 жылғы 22 мамырдағы №216** «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электронды нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып

5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы** «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»;	«Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» ***Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығы;***	– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2026 жылғы 29 шілдедегі №213-НҚ** «Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрығы;
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы** «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»***;***	2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру ережелері (2020 жылғы 28 тамызда № 374 өзгертілген);	– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 27 қарашадағы №349** «Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарын бекіту

			туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
7	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ***ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы;***	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің **2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76** «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
8	«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. ***2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы (29.05.2024 № 127 өзгерістермен);***	«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» ***Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы (2024 жылғы 05 мамырдағы №127, 2024 жылғы 11 желтоқсандағы №356 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының **2023 жылғы 21 шілдедегі №224** «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» бұйрығы, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып;
9	«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат ***(Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024***	«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат ***(Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025***	2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

	жылғы 10 маусымдағы № 2 хаттамасы)	***жылғы 05 маусымдағы №2 хаттама).***	

Әрбір оқу жылында Мемлекеттік білім беру стандарттарына, Үлгілік оқу бағдарламалары, ҮОБр және Білім беру мекемелері қызметінің үлгілік ережелеріне өзгерістер енгізіледі, бірақ жұмыс оқу бағдарламасы талаптары өзгеріссіз қалады:

- жұмыс оқу бағдарламасы мектептің білім беру деңгейі бойынша құрылымын және инвариантты, өзгермелі және түзетуші компоненттердің енгізілуін көрсетеді.
- Максималды сағаттық жүктеме 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 ҮОБ сәйкес жүзеге асырылады, әр оқу жылы үшін тиісті өзгерістер енгізілген.
- 2024–2025, 2025-2026 және 2026–2027 оқу жылдарында оқу жылының ұзақтығы 34 апта болды.
- Вариативтік курстар мектептің жаратылыстану-математикалық бағытына сәйкес жүргізіледі.
- Барлық үш жыл бойы мектеп ҮОБ қысқартылған қосымшаларды таңдайды.
- Шет тілін оқу үшін ағылшын тілі таңдалған.
- Мемлекеттік міндетті білім беру стандартына сәйкес, сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Бейнелеу өнері», «Информатика» пәндері бойынша 24 немесе одан да көп оқушы болған жағдайда сыныпты екі топқа бөлу жүзеге асырылды.

Мектептің жұмыс оқу жоспары (қоса беріледі)

4.2. *Оқу пәндерінің негізгі мазмұнын ҮОБ сәйкес меңгеру*

Педагогикалық ұжым өздерінің білім беру қызметінде оқу-әдістемелік құжаттаманы: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, типтік және жұмыс оқу бағдарламалары мен бағдарламаларын, сондай-ақ ӘНХ ұсыныстарды басшылыққа алады. Жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны, оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және оқушылардың максималды жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді. Оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің түрлері бойынша әдістемелік әзірлемелер мен ұсыныстардың сапасы да стандартқа сәйкес келеді. теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі

КТЖ және ҚМЖ мемлекеттік пәндік бағдарламалар, Оқу-әдістемелік хаттар мен Мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтының ұсынымдары негізінде, сабақтарды өткізу нысандарына түзетулер енгізіле отырып жасалады.

МІБ жоспарына сәйкес орта мерзімді жоспарлау (ОМБ) жылына екі рет (қыркүйек және қаңтар) қайта қаралады, ал қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) қажет болған жағдайда және КТЖ кестесіне сәйкес қайта қаралады.

Оқу бағдарламасының инвариантты бөлігіндегі сағат саны мемлекеттік міндетті стандартта көрсетілген сағат санына сәйкес келеді.

Қорытынды: Жалпы білім беру пәндерінің типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын академиялық пәндердің негізгі мазмұнын меңгеру толық көлемде жүзеге асырылады; бағдарламалық материалды меңгеру әр тоқсан сайын тексеріледі; қажет болған жағдайда Бағдарлама мен КТЖ түзетіледі; «Күнделікті» толтыру бақыланады. Жалпы білім беру пәндерінің типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзге асырлатын академиялық пандердің негізгі масмұнын басқару толық қолемде жүзеге асырылады; бағалау материалдарын басқару ар токсан сайын тексеріледі; кәжет болған жағдайда Бағдарлама мен КТЖ түзетіледі; «Күнделікті» толтыру бақыланады. Оқу бағдарламасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің талаптарына, пәндік рейтингке сәйкес құрастырылды, КТЖ бекітілді және ҚМЖ іріктеп тексеру жүргізіледі. МІБ жоспарына сәйкес сабақтардың өткізілу деңгейі бақыланады, нәтижелері ПК отырыстарында және директормен жанындағы отырыстарда талқыланады.

Сабақ кестесі (қоса беріледі)

4.3. Бейіндік оқытуды жүзеге асыру

Мақсат: Бейіндік жұмыстың негізгі бағыттарын іске асыру.

Міндеттер: Оқушыларды әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге неғұрлым тиімді дайындау.

Жыл басында БО бойынша нормативтік-құқықтық база, БО іске асыру жоспары зерделенді. Оқу жылының соңында, мұғалімдердің жүктемесін алдын-ала бөлу қалыптасқан кезде, 10-сыныпта оқуды жалғастыруды жоспарлап отырған 9-сынып оқушыларына сауалнама жүргізіледі. Сауалнаманың мақсаты оқу профилін анықтау: жаратылыстану-математикалық немесе тереңдетілген бағытты, соның ішінде физика-география немесе химия-биология пәндерін таңдайды.

Оқушылар 10-сыныпқа түскен кезде өтініштерде оқу бейіні көрсетіледі. Негізінен жаратылыстану-математикалық бағытқа сәйкес жұмыс оқу жоспары жасалады.

Педагогикалық құраммен кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс ӘБ арқылы және 10 және 11 сыныптардың сынып жетекшілерімен кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру бойынша сұхбаттасу арқылы жүзеге асырылады.

Оқушылардың ата-аналарынан сауалнама алынады, 8-11 сыныптарда «Кәсіби білім беруді ұйымдастыру» тақырыбында ата-аналар мен мұғалімдер жиналыстарына қатысады, жеке ата-аналарға кеңес береді және ата-аналар мен

мұғалімдер дәрісіне қатысады. Ата-аналармен «Менің баламның қабілеттері» атты психодиагностикалық бағалау өткізізіледі.

Жыл басында түлектердің жұмысқа орналасуы және оқуға түскен кезде мамандық таңдауы зерттеледі. 8-9 сыныптарда «Мамандық пәндерін саналы түрде таңдау» тақырыбында оқушылармен кездесулер өткізіледі.

Мектеп оқушылары қала бойынша білім беру мекемелерінде өтетін ашық есік күндеріне қатысады. Мектеп психологтары 10 және 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру бойынша қолдау көрсетеді, 8 және 9 сынып оқушыларына «Қызығушылық картасы» тестін және 10 және 11 сынып оқушыларына «Оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтау» тестін өткізеді.

Мектеп психологтары сонымен қатар оқушылардың мансаптық бейімділіктерін анықтау үшін сауалнамалар жүргізеді.

Мектептің оқу бөлімі «Болашаққа ойлы, саналы және мақсатты түрде» атты мектеп бойынша оқушылар жиналысын өткізіп, дәрігерлермен, заңгерлермен және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен пікірталастар жүргізді.

Сынып мұғалімдері оқушыларға жеке мансаптық кеңес береді. Бейіндік қызығушылықтар анықталып, бейіндік өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді.


Жыл бойы Қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету колледжі, Есіл университеті, Синергия университеті, Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті, Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардия академиясы, Тұран-Астана университеті, Қазақстан ұлттық әйелдер мұғалімдерін даярлау университеті, Технология колледжі, Медицина және технология колледжі, Техникалық колледж, Даналық жоғары медициналық колледжі, Д. Қонаев атындағы колледж және Астана кәсіби мемлекеттік шаруашылық колледждері мен университеттердің өкілдерімен кәсіптік бағдар беру кездесулері өткізілді.

Бітіруші сынып оқушылары ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған білім көрмесіне, сондай-ақ қаладағы колледждердің – Менеджмент және бизнес колледжі мен Кәсіптік-техникалық колледждің және т.б. оқу орындарының ашық есік күндеріне қатысты.

Жұмыспен қамту және кәсіптік оқыту

9-сынып бітірушілері:

Оқу жылы	Жалпы бітірушілер	колледждерге оқуға түскендердің үлесі	Шетелге оқуға түскендер үлесі
2023-2024	446	20 %	0,6 %
2024-2025	348	17,8 %	0,5 %
2025-2026	313	18,2 %	0 %



11 сынып бітірушілері:			
Оқу жылы	**Жалпы бітірушілер**	**ЖОО оқуға түскендердің үлесі**	**Шетелге оқуға түскендер бойынша түсу үлесі**
2023-2024	237	78 %	14 %
2024-2025	192	90 %	9,3 %
2025-2026	203	96 %	8,8 %



Қорытынды: Орта мектептің ҮОБ балалардың таңдау бойынша білім алуын толық қамтымайды. Дегенмен, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша оқу бағдарламасын енгізу арқылы мектеп астанадағы колледждер мен университеттермен, сондай-ақ әскери бөлімшелермен (кадет сыныптары) тығыз байланыста жұмыс істейді.

4.4. Оқушылардың арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру процесін жүзеге асыру

4.4. Оқушылардың арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру процесін жүзеге асыру

Мектеп барлық оқушылардың сапалы, қолжетімді білім алуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды. Білім берудің келесі түрлері қолжетімді: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған күндізгі білім беру, балаларға арналған үйде жеке оқыту.


Білім берудің негізгі негіздері:

- инклюзив сыныптарында - аймақтық психологиялық, медициналық және педагогикалық консультацияның қорытындысы;
- үйде жеке оқыту - медициналық консультациялық комиссияның қорытындысы.

Инклюзив сыныптарындағы оқушылар саны

Оқу жылы	**Жалпы оқушылар**	**Инклюзив сыныптарындағы оқушылар саны**	**% үлесі**

2024-2025	4436	46	1,01%
2025-2026	4503	58	1,28%
2026-2027	4842	56	1,16%



16 диаграмма

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті білім беру ортасында оқыту және әлеуметтендіру оқушыларға олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары сапалы психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетеді. Жеке және топтық түзету сабақтары кешенді оқу іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған. Психологиялық, медициналық және педагогикалық комиссияның ұсыныстары негізінде логопед, дефектолог және психологпен жеке сабақтар енгізілді.

Үйде жеке оқыту.

2024 жылдан 2027 оқу жылына дейін мектеп ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға үйде жеке оқытуды ұсынады.

Мақсаты: Жеке үйде білім алатын балаларға арнайы (түзету) және жеке білім беру бағдарламаларын меңгеруге, сондай-ақ олардың әлеуметтік оңалтуына және бейімделуіне жағдай жасау және көмек көрсету.

Мақсаттары:

- Жеке үйде білім алатын оқушылардың жасына, жеке психофизикалық ерекшеліктеріне және денсаулық жағдайына сәйкес оқу процесі мен оқу режиміне жағдай жасау;


- Баланың қазіргі және жақын даму аймағын және денсаулық жағдайын ескере отырып, мазмұнның, формалардың, әдістердің және балаға қойылатын талаптардың үздіксіздігіне негізделген баланың тұтас оқу процесін ұтымды және оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- Оқу жүктемесін баланың жеке функционалдық мүмкіндіктеріне бейімдеу;

- Балалардың денсаулық жағдайы мен оқу қабілеттерін ескере отырып, балаларды оқытуға арналған бейімделген жеке білім беру бағдарламаларын жасау.

Балаларды үйде жеке оқыту жұмысы арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы білім беруді ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 өзгерістер мен толықтырулармен; 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 өзгерістермен және толықтырулармен); «2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат (Ы. Алтынсарин атындағы ҰАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2026 ж)

Үш жылдық жұмысты талдау 2026-2027 оқу жылында алдыңғы жылдармен салыстырғанда үйде жеке оқытатын балалар санының азайғанын көрсетеді.



17 диаграмма

Жекелендірілген оқу бағдарламасын жоспарлау мемлекеттік стандартқа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу

бағдарламаларына сәйкес, ПМПК ұсыныстарын және баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленді. Оқушылар нормативтік ұсынымдарға және денсаулық мүмкіндіктеріне сәйкес әзірленген жекелендірілген оқу бағдарламасы бойынша оқыды. Оқушыларға арналған сабақ кестесі нормативтік талаптарға сәйкес жасалған (аптасына 5 күн).

Қорытынды: Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жоғары сапалы білім беру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Үйде оқитын оқушылардың тізімі
(16 қосымша)

4.5. Вариативті компоненттің таңдау пәндері мен қосымша пәндерін енгізу

Мектепте вариативтік компонент білім алушылардың қызығушылықтарын ескеру, пәндік білімдерін тереңдету және алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылады. Оның мазмұны бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне сәйкес таңдау пәндері мен қосымша оқу курстарынан тұрады.

I. Бастауыш білім беру деңгейі (1–4-сыныптар)

Бастауыш білім беру деңгейінде 1-сыныпта 9, 2-сыныпта 8, 3-сыныпта 8 және 4-сыныпта 8 сынып-жинақ бар. Бұл деңгейдегі қосымша курстар оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық сауаттылығын және салауатты өмір салты туралы түсінігін дамытуға бағытталған.

Сынып	Қосымша курс	Авторлары және ұсынылуы туралы мәлімет
1-сынып	«Шахмат негіздері»	Дәулетова Г.Б., Бапанова Г.К., Нурманова А.Е. Қазақстан шахмат федерациясы, 2024 ж.; 04.04.2025 ж. №1 сараптамалық қорытынды
2-сынып	«Қызықты математика»	Мұқан Г.С.; ҚОӘК-тің 18.03.2026 ж. №3 хаттамасы
3-сынып	«Қызықты математика»	Әубәкір Г.С.; РОӘК-тің 13.02.2026 ж. №3 хаттамасы
4-сынып	«Математика күнделікті өмірде»	Бимендина А.М., Дадажанова А.Н., Қияс З.Д.; ҚОӘК-тің 25.01.2025 ж. №3 хаттамасы
1–2-сыныптар	«Салауатты тамақтану мектебі»	Шаяхметова Р.А., Абдуахитова И.К.; ҚОӘК-тің 16.05.2025 ж. №2 хаттамасы

II. Негізгі орта білім беру деңгейі (5–9-сыныптар)

Негізгі орта білім беру деңгейінде жалпы білім беретін және лицей сыныптары жұмыс істейді. Үйде оқитын оқушысы бар сынып — 8 «ғ». Осы деңгейдегі қосымша курстар оқушылардың математикалық және жаратылыстану сауаттылығын, зерттеу, есеп шығару және цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

6-сыныпта мына қосымша курстар қарастырылған:

- «Мәселе есептер арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» — Молдахметова К.Б.; ҚОӘК-тің 18.03.2026 ж. №1 хаттамасы;
- «Экология негіздері» — Акжанова Н.А., Акжанова А.А.; ҚОӘК-тің 26.07.2024 ж. №2 хаттамасы;
- «Шахмат арқылы логикалық ойлауды дамыту» — ҚОӘК-тің 10.06.2026 ж. №2 хаттамасы;
- «БолашақТех: Arduino және 3D модельдеу Tinkercad әлемі» — Апсаликова Д.М.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы.

7-сыныпта мына қосымша курстар қарастырылған:

- «Алгебралық өрнектер» — Катепбай А.; ҚОӘК-тің 26.05.2025 ж. №2 хаттамасы;
- «Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану арқылы күрделі есептерді меңгерту» — Томантаева А.Т.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы;
- «Физикадан тәжірибелік есептер» — Мадиярова А.Ж.; мектепішілік әдістемелік кеңестің 26.08.2025 ж. №1 хаттамасы, апробация;
- «Физика және ұлттық құндылықтар» — Тулеубаева К.Н.; ҚОӘК-тің 12.04.2026 ж. №1 хаттамасы;
- «Шахмат ойынындағы стратегияны жоспарлау» — ҚОӘК-тің 18.03.2026 ж. №1 хаттамасы.

8-сыныпта мына қосымша курстар қарастырылған:

- «Функционалдық сауаттылықты дамыту» — Ерланова У.Е.; ҚОӘК-тің 23.12.2025 ж. №3 хаттамасы;
- «Қолданбалы есептер және математикалық модельдеу» — Абишева М.Ж.; ҚОӘК-тің 23.12.2025 ж. №3 хаттамасы;
- «Экологиялық химия» — Құбаева Г.С.; ҚОӘК-тің 24.03.2023 ж. №2 хаттамасы;
- «Сапалық есептер шешуде сыни ойлауды дамыту» — Рахымбаева Б.Е.; ҚОӘК-тің 06.09.2023 ж. №3 хаттамасы;
- «STEM» — Махмутова Л.А.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы;

- «Бағдарламалау мен робототехникада ЖИ қолдану» — Дыбыспаева Н.Ш.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы.

9-сыныпта мына қосымша курстар қарастырылған:

- «Есеп шығару арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» — Тасубаева Г.С.; ҚОӘК-тің 18.03.2026 ж. №1 хаттамасы;
- «Программа құрудың кіріктірілген ортасы және Python тілінде оқыту» — Желдыбаева Ж.С.; ҚОӘК-тің 26.07.2024 ж. №2 хаттамасы;
- «Химия бойынша есептерді шешуді үйрену» — Бегенова А.К.; ҚОӘК-тің 26.07.2024 ж. №2 хаттамасы;
- «Экожүйелер: табиғаттың күрделі әлемі» — Қисап А.С.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы;
- «Физика сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттығын дамыту» — Есманова С.С.; ҚОӘК-тің 23.12.2025 ж. №3 хаттамасы;
- «HTML web сайттарын әзірлеу. Жасанды интеллект, нейронды желі» — Байзулдинов М.Б.; ҚОӘК-тің 09.08.2024 ж. №3 хаттамасы.

7–9-сыныптардағы таңдау пәндері төмендегі пәндер топтамалары бойынша берілген:

Сынып	**Таңдау пәндерінің топтамалары**
7-сынып	1) Физика, география, биология; 2) физика, география, химия
8-сынып	1) Химия, биология, физика; 2) химия, биология, география
9-сынып	Алгебра, геометрия, информатика

Таңдау пәндері оқушылардың пәндік қызығушылықтарын ескеруге және жоғары сыныптарда оқу бағытын саналы таңдауға жағдай жасайды. Қосымша курстар негізгі пәндер бойынша білімді толықтырып, оны тәжірибелік тапсырмалар арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

III. Жалпы орта білім беру деңгейі (10–11-сыныптар)

Жалпы орта білім беру деңгейінде 10-сыныпта 5, 11-сыныпта 4 сынып-жинақ бар. Бұл деңгейдегі қосымша курстар бейіндік пәндер бойынша білімді тереңдетуге, күрделі есептерді шешуге және заманауи технологиялар туралы түсінікті кеңейтуге бағытталған.

10-сыныпта:

- «Математикалық сауаттылық» — Заманбекова А.О.; ҚОӘК-тің 18.03.2026 ж. №1 хаттамасы;

- «Химия сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары» — Каирбекова З.; ҚОӘК-тің 10.06.2026 ж. №2 хаттамасы.

11-сыныпта:

- «Теңдеулер және теңсіздіктер» — Бексолтанова Л.Ж.; ҚОӘК-тің 20.03.2025 ж. №1 хаттамасы;
- «Физика пәнінен күрделі деңгейлі есептерді шешу жолдары» — Кумарбекова А.К., Омархан А.Н.; ҚОӘК-тің 26.07.2024 ж. №2 хаттамасы.

10–11-сыныптарға ортақ курс:

- «Жасанды интеллект және машиналық оқыту» — Маметжан З.М.; ҚОӘК-тің 09.08.2024 ж. №3 хаттамасы.

Осылайша, мектептің вариативтік компоненті бастауыш сыныптардағы логикалық ойлау мен күнделікті өмірге қажетті дағдыларды дамытудан бастап, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі пәндік білімді тереңдету, зерттеу және цифрлық дағдыларды қалыптастыруға дейінгі бағыттарды қамтиды. Таңдау пәндері мен қосымша курстардың мазмұны оқушылардың қызығушылықтары мен білім алу қажеттіліктерін ескеруге бағытталған.

Вариативті компоненттің кестесі (17-қосымша)

4.6. Білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Максималды оқу жүктемесінің көлемі (ҮОБ сәйкес):

№	сыныптар	2024-2025	2025-2026	2026-2027
1	1 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	19,5 сағат	19,5 сағат	19,5 сағат
2	1 орыс тілінде оқытатын сыныптар	20,5 сағат	20,5 сағат	20,5 сағат
3	2 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	24 сағат	24 сағат	24 сағат
4	2 орыс тілінде оқытатын сыныптар	24 сағат	24 сағат	24 сағат
5	3 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	26 сағат	26 сағат	26 сағат
6	3 орыс тілінде оқытатын сыныптар	26 сағат	26 сағат	26 сағат
7	4 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	26 сағат	26 сағат	26 сағат
8	4 орыс тілінде оқытатын сыныптар	27 сағат	27 сағат	27 сағат
9	5 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	28,5/33,5 сағат	28,5/33,5 сағат	28,5 сағат

10	5 орыс тілінде оқытатын сыныптар	29,5/33,5 сағат	29,5/33,5 сағат	29,5/33,5 сағат
11	6 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	28,5/33,5 сағат	28,5/33,5 сағат	28,5/33,5 сағат
12	6 орыс тілінде оқытатын сыныптар	29,5/34,5 сағат	29,5/34,5 сағат	29,5/34,5 сағат
13	7 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	32,5/36,5 сағат	32,5/36,5 сағат	31,5/36,5 сағат
14	7 орыс тілінде оқытатын сыныптар	32,5/36,5 сағат	32,5/36,5 сағат	32,5/36,5 сағат
15	8 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	32,5/37,5 сағат	32,5/37,5 сағат	32,5/37,5 сағат
16	8 орыс тілінде оқытатын сыныптар	32,5/37,5 сағат	32,5/37,5 сағат	33,5/37,5 сағат
17	9 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	34/40 сағат	34/40 сағат	34/40 сағат
18	9 орыс тілінде оқытатын сыныптар	35/40 сағат	35/40 сағат	35/40 сағат
19	10 қазақ тілінде оқытатын сыныптар	35/39 сағат	35 сағат	35 сағат
20	10 орыс тілінде оқытатын сыныптар	36/39 сағат	36 сағат	36 сағат
21	11қазақ тілінде оқытатын сыныптар	35/39 сағат	35/39 сағат	35 сағат
22	11 орыс тілінде оқытатын сыныптар	36/39 сағат	36/39 сағат	36 сағат

Әр сыныптың кестесінде ең жоғары оқу жүктемесі асып кетпейді. Негізгі кесте инвариантты компоненттің пәндерін көрсетеді, ал вариативті компоненттің сағаттары қосымша кестеде көрсетіледі.

Қорытынды:

Оқушылардың апталық және жылдық ең жоғары оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартында және ҮОЖ белгіленген стандарттардан аспайды.

4.7. Сыныптарды топтарға бөлу талаптарын сақтау, соның ішінде балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру

1-4 сыныптарда: 24 немесе одан да көп оқушысы бар сыныптар үшін сыныпты екі топқа бөлуге рұқсат етіледі. Сыныптарды келесі пәндер бойынша бөлуге болады:

1) Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі;
2) Шетел тілі;
3) цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект

5-9 сыныптарда 24 немесе одан да көп оқушысы бар сыныптар үшін сыныпты екі топқа бөлуге рұқсат етіледі:

1) Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
2) Шетел тілі;
3) Көркем еңбек;

4) Информатика және жасанды интеллект

10-11 сыныптарда: Сыныптағы оқушылар саны 24 немесе одан да көп болған жағдайда, келесі сабақтар үшін сыныпты екі топқа бөлуге рұқсат етіледі:

1) орыс тілінде оқытылатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні;

2) шетел тілі ;

3) информатика және жасанды интеллект

Сыныптарды бөлу

Сыныптар	**2024-2025**	**2025-2026**	**2026-2027**
Жалпы сыныптар	133	137	147
Бөлінетін сыныптар	133	137	147

Қорытынды: Сыныптарды топтарға бөлу талабы орындалды..

4.8. Оқу жылының ұзақтығына сыныптар бойынша және демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптардың сақталуы

Оқу жылының ұзақтығына сыныптар бойынша және жалпы білім беру бағдарламаларының ұзақтығына қойылатын талаптар ӘНХ сәйкес орындалды:

- **2024-2025 оқу жылында** оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын және 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрады;
- **2025-2026 оқу жылында** оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын және 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрады;
- **2026-2027 оқу жылында** оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын және 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрады;

Келесі демалыс кезеңінің талаптары да орындалды:

- **2024-2025 оқу жылында:**

1-11 сыныптар үшін: - Күз – 7 күн (2024 жылғы 28.10 -03.11);

- Қыс – 10 күн (2024 жылғы 30.12 – 2025 жылғы 08.01);
- Көктем – 11 күн (2025 жылдың 21.03-31.03);
- 1-сыныпта: қосымша демалыс – 7 күн (2025 жылдың 10-16 ақпаны).

- **2025-2026 оқу жылында:**

1-11 сыныптар үшін: күзгі демалыс – 7 күн (2025 жылдың 27 қазанынан 2 қарашасына дейін);

- қысқы демалыс – 10 күн (2025 жылдың 29 желтоқсанынан 2026 жылдың 7 қаңтарына дейін);
- көктемгі демалыс – 11 күн (2026 жылдың 19 наурызынан 29 наурызына дейін, қоса алғанда);
- бірінші сынып оқушылары қосымша 7 күндік демалыс алады (2026 жылдың 9 ақпанынан 15 ақпанына дейін).

- **2026-2027 оқу жылында:**

1–11 сыныптар үшін: күзгі демалыс – 7 күн (2026 жылдың 26 қазанынан 1 қарашасына дейін);

- қысқы демалыс – 14 күн (2026жылдың 28 желтоқсанынан 2027 жылдың 10 қаңтарына дейін);

- көктемгі демалыс – 7 күн (2027 жылдың 22 наурызынан 28 наурызына дейін);
- бірінші сынып оқушылары қосымша 7 күндік демалыс алады (2027 жылдың 8 ақпанынан 14 ақпанына дейін).

Тоқсандық оқу апталары күндері оқу жылының ұзақтығы туралы бұйрыққа сәйкес орналастырылған және электрондық журналдағы күндерге сәйкес келеді.
Қорытынды: Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар орындалды.

5 бөлім: Оқу-материалдық активтер

1) Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):

Ғимарат-типтік, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Байтұрсынов көшесі 25 ғимаратта арнайы салынған 4 қабатты лицей. Жобалық қуаты 1800 оқушыға арналған. Ауласы толық темір қоршаумен қоршалған, биіктігі 2м. Ғимаратқа 22 кіру есігі бар. Бас ғимараттың салынған жылы – 2013 жыл. Қосымша ғимарат салынған жылы – 2026 жыл. Бас мердігері "ASTI" құрылыс компаниясы. Тұрақты жер пайдалану құқығын растайтын Акт АН №0301164 Астана қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы №4410 қаулысы, жер учаскесінің кадастрлық нөмері 21:318:085:907. Күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етпейді және ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспар бойынша жыл сайын жүргізіледі. (Әктеу, сырлау т.б.). Жер учаскесінің алаңы – 3,0560га. Мектептің жалпы көлемі – 16482,2 ш/м. Лицей ғимаратының сыртқы келбеті кірпіштен жасалынған. Пластикадан жасалған терезелер орнатылған. Лицей орталық жылу құбырымен, суық сумен, телефон байланысымен және ғаламтормен қамтамасыз етілген. Аула асфальтталған және тас төсеніштермен жабылған, үлкен футбол алаңы - 2620ш/м, кіші футбол алаңы - 950ш/м, балалардың ойнау алаңдары бар. Аулада 300 -ден аса ағаштар: шырша, терек, жеміс ағаштар, әр түрлі бұталар отырғызылған. Мектеп ғимараты төмендегі жөндеулерден өткен:

1)мектеп ғимаратын ағымдағы жөндеу-жыл сайын 2.кіру тобын ағымдағы жөндеу, дәретханалардағы бөлімдерді орнату-2023 жыл 3.еденді ағымдағы жөндеу-2025 жыл 4. мектепке қосымша ғимарат салу-2026 жыл.

